Сәтбаев қаласының «Экономика және қаржы бөлімі» ММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Сәтбаев қаласы 2026 жылғы 25 тамыз

Сәтбаев қаласы әкімінің 2026 жылғы 26 маусымдағы №59р өкімі негізінде төмендегі бағыттар бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді:

1) ММ қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) ММ ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жалпы кезеңі 2025 жылғы 27 шілдеден бастап 2026 жылғы 25 тамыз аралығындағы өткен кезеңді қамтиды.

Талдау жасалатын қызмет кезеңі: 2025 жыл.

1. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Сәтбаев қаласының «Экономика және қаржы бөлімі» ММ (бұдан әрі - бөлім) өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Есепті кезеңде нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1. Персоналды басқару.

Сәтбаев қаласының «Экономика және қаржы бөлімі» ММ қызметкерлерінің штаттық саны 9 бірлікті құрайды, нақты саны – 9 бірлік, бос орындар жоқ.

Барлық жаңадан қабылданған қызметкерлер қолданыстағы заңнамаға сәйкес міндетті арнайы тексеруден өтеді. Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактілері жоқ. Мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған тұлғалар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңда белгіленген шектеулерді қабылдайды.

Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүргізіледі. Конкурстық іріктеусіз лауазымға тағайындау «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 27-бабы 10-тармағына сәйкес жүргізіледі. Конкурстық іріктеуді өткізуге, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін тұлғаларды жұмысқа қабылдауға жол берілмейді. Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген тұлғалар туралы барлық ақпарат ЕПИРГО

порталында жарияланады. Сонымен қатар, әңгімелесу өткізуге арналған сұрақтарды персоналды басқару қызметі қалыптастырады, сондай-ақ кандидаттар үшін барлық жағдайлар тең болып табылады. Әңгімелесу өткізілгеннен кейін комиссия мүшелері дауыс беріп, өз бағаларын қояды.

Қызметкерлерді лауазым бойынша жоғарылату, конкурстық іріктеусіз өзге лауазымдарға ауыстыру «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңның 27-бабы 10-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Заңнама талаптарын бұзған, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын бұзуға немесе шектеуге жол берген және заңнамаға сәйкес өзге де бұзушылықтар жасаған тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шаралар қолданылады. Қолданыстағы тәртіптік жазасы алынбаған қызметкерлерге көтермелеу шаралары қолданылмайды. Тәртіптік жазаларды алу бір ай және одан да көп уақыт өткеннен кейін, сондай-ақ ескертулер жойылған жағдайда жүргізіледі.

Бекітілген мемлекеттік қызметшілерді біліктілігін артыру және қайта даярлау кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының филиалында оқыту жүргізіледі. Әдеп жөніндегі уәкілдің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері, сондай-ақ мемлекеттік қызмет саласы бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына сәйкес 2025 жылдың қорытындысы бойынша әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау жүргізілді. Сәтбаев қаласының «Экономика және қаржы бөлімі» ММ-де 9 мемлекеттік қызметші қызметін бағалаудан өтті. Бағалау нәтижесі «тиімді».

Қызметкерлердің оқудан өту, біліктілігін арттыру мерзімдері мен тәртібі сақталады: 100% қызметкер біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту шеңберінде мемлекеттік қызметшілер үшін әдеп жөніндегі уәкілдің қатысуымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары жүргізіледі. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды атқаратын мемлекеттік қызметшілермен профилактикалық жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

Бүгінгі таңда әкімшілік мемлекеттік қызметшілер жасаған тәртіптік теріс қылықтар анықталған жоқ.

2025 жылдың ағымдағы кезеңінде еңбек тәртібін, әдеп нормаларын бұзу және мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді бұзу фактілері тіркелмеген. Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактілері болған жоқ.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 44, 45-баптарына және 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану қағидаларына сәйкес мемлекеттік қызметшінің тәртіптік жазасы алты ай мерзімі өткенге дейін, егер әкімшілік мемлекеттік қызметші жаңа теріс қылық жасамаса және өзін адал қызметкер ретінде көрсетсе, алынуы мүмкін. Жоғарыда айтылғандардың негізінде басшы бір ай өткеннен кейін жазаны алып

тастайды. Осыған байланысты, нақты мерзімдер көрсетілмегендіктен, жазаның қанша уақытқа созылуы керектігін нақтылау туралы жоғары тұрған органға хат жолдау қажет деп санаймыз.

2. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау барысында анықталған жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлесіп қызмет атқару (жұмыс істеу) фактілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындатады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Парламент депутаттығына немесе мәслихат депутаттығына кандидаттарды, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдерін, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды қоспағанда) өздерінің жақын туыстары және (немесе) жұбайы (зайыбы), сондай-ақ жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқара алмайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу барысында бөлімде жақын туыстардың бірлесіп қызмет атқару (жұмыс істеу) фактілері анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысы фактілері жоқ.

Өкілеттіктер мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін нормаларды талдау нәтижелері бойынша мұндай фактілер анықталған жоқ.

Басқарма қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністері фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер келіп түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын одан әрі күшейту, оның тиімділігін арттыру мақсатында төмендегілер ұсынылады:

- 2026 жылға арналған «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағыты №4 іске асыру бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізу;
- қолданыстағы заңнаманы және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру бойынша құқықтық жалпыға бірдей оқыту сабақтарын тұрақты негізде өткізу;
- ұжымда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
-

3.Мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Бөлімде мемлекеттік қызметтер көрсетілмейді.

4. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Сәтбаев қаласының «Экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі шарттарды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жасасу кезінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдап, анықтады. Сонымен қатар, аталған тәуекелдер жүйелі сипатқа ие және шарттарды аталған тәсілмен жасасуды жүзеге асыратын барлық мемлекеттік мекемелерде туындауы мүмкін.

Шарттарды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жасасу кезінде аталған шарттар бойынша өнім берушілерді таңдау барысында жекелеген өнім берушілерге артықшылық беру тәуекелі бар.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңда осындай шарттарды жасасу кезінде өнім берушілерді таңдау тәртібі толық көлемде реттелмеген.

Бәсекелестік еркіндігі және адалдық қағидаттарын сақтамай, сондай-ақ бюджет қаражатын оңтайлы жұмсамай, жекелеген өнім берушілерге артықшылық беру тәуекелі бар.

Осыған байланысты бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы шарттар жасасу кезінде өнім берушілерді регламенттелген таңдау тәртібін нормативтік құқықтық актілер деңгейінде толықтыру қажет.

Қорытынды:

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім функцияларды жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсер етуі мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейіне бағалау жүргізілді. Айта кету керек, талдау жүргізілген кезеңде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім функцияларды жүзеге асыру барысында бірнеше тәуекелдер анықталды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім функцияларды іске асыру кезінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің орын алу ықтималдығын, жиілігін және әсер ету деңгейін ескере отырып, анықталған тәуекелдердің орын алу ықтималдығы төмен және олар толықтай жойылуы мүмкін.

Қажет:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесіне енгізілген қызметшілер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына алғышарттарға жол бермей, өз қызметін қолданыстағы заңнамаға және бекітілген лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асыруы қажет;
- талаптарға сәйкес ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жоспарын және оның қорытындыларын интернет-ресурста уақтылы орналастыру;
- мемлекеттік-құқықтық бөлімі белгіленген мерзімде ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу барысында берілген ұсынымдарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуі қажет;
- ұсынымдардың орындалуын бақылау және мониторинг жүргізуді өзімде қалдырамын.

Сәтбаев қаласының «Экономика және қаржы бөлімі» ММ басшысы **С.Симанов**